

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі «БВ04205 Құқықтану»
білім беру бағдарламасы 3 курс, қазақ бөлімі

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредитте рдің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақ тар (ЗС)		
67423 Инвестициялық құқық	4	1,7	3,3	-	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	Бейіндеуші пәндер, жоғары оқу орны компоненті	Теориялық, аналитикалық, интерактивті	логикалық, есептерді шешу, ситуациялық тапсырмалар, сауалнама тест-сұрақтар	Univer АЖ тест		
Дәріскер (лер)	Қожабек Қанат Мұратұлы					
e-mail:	kozhabek-@mail.ru					
Телефоны:	87019510402					
Ассистент (гер)	Қонысбай Б					
e-mail:	Konysbay17@gmail.com.					
Телефоны:	87018185494					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Инвестициялық құқық нормаларын талдау, инвестициялық қызметтің мәні мен тәртібін түсіну; инвестициялық құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларды практикада қолдану қабілеттерін қалыптастыру. Оқытылатын болады: инвестициялық құқықтық қатынастардың ерекшелігі, инвестициялық заңнаманың құрылымы; инвестициялық Шарттың ерекшелігі және оларды жасасу рәсімдері; отандық және шетелдік инвестициялар саласындағы мемлекеттік реттеу; ҚР-да қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру жолдары.	1. Инвестициялық құқық заңнамасының нормаларын түсіну, түсіндіру және дұрыс қолдану.			1.1 Инвестициялық құқық ұғымдары мен нормаларын түсіндіру және олардың қазақстандық құқық жүйесіндегі орнын анықтау.		
				1.2 Инвестиция саласындағы құқықтық жағдайларды шешу.		
	2. Инвестиция құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеудің, сондай-ақ қауіпсіздіктің тиімділігін қамтамасыз етудің ерекшеліктерін талдау және анықтау..			2.1 ҚР инвестициялық құқық саясатының түрлері мен даму кезеңдерін ажырату және түсіндіру.		
				2.2 ҚР экономикасын дамытудың түрлі кезеңдеріндегі инвестициялық құқық негізгі бағыттарын дәлелдеу.		
	3. ҚР заңнамасын талдау және оны қолдану практикасын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу негізінде инвестициялық құқық саласындағы қатынастардың әртүрлі салаларындағы құқықтық реттеу практикасына баға беру			3.1 Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілерін, олардың құқықтары мен міндеттерін ажырату		
				3.2 Инвестициялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы қатынастардың сипатын және инвестициялық қызмет саласындағы басқарудың негізгі принциптерін түсіндіру.		

	4. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды инвестициялық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша ақпараттандыру және кеңес беру.	4.1 Инвестициялық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша СЭҚ қатысушыларын хабардар ету және оларға кеңес беру тәртібін түсіндіру.
		4.2 Инвестициялық қатынастарға қатысушыларына инвестициялық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша түсініктемелер жасау.
	5. Халықаралық экономиканың үрдістерін ескере отырып, инвестиция саясатын түсіну	5.1 Инвестициялық құқық нормаларын қолдану саласындағы проблемалық жағдайларды анықтау.
		5.2 Инвестиция саласындағы құқықтық қарамақайшылықтарды шешу жолдарын негіздеу.
		5.3 Инвестиция құқығы мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жазу.
Пререквизиттер	APRK1221 ҚР Әкімшілік құқығы, TPRK2217 ҚР Кеден құқығы, Кеден ісін ұйымдастыру OTD 1201	
Постреквизиттер	KPRK 1107 Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. APRK 1108 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. KMPRKВ 1212 Кибер қауіпсіздікті құқықтық реттеудің концептуалды әдістері	
Оқу ресурстары	Әдебиет: 1. Негізгі: 1. Қожабек Қ.М. Инвестициялық құқық: учебное пособие для вузов— ISBN 978-5-534-16782-5. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: https://urait.ru/bcode/531692 2. Таможенное право : учебник / [Бакаева О. Ю., Лайченкова Н. Н., Литвинова Ю.М. и др.] ; отв. ред. О. Ю. Бакаева. – 3-е издание, переработанное и дополненное. – Москва : Норма : Инфра-М, 2020. – 591 с. – ISBN 978-5-91768-641-7 (Норма). – ISBN 978-5-16-015104-5 (Инфра-М). – То же электрон. версия на сайте URL: https://znanium.com/catalog/product/1044715 3. Чернявский А.Г. Таможенное право. Учебник. – Москва: Издательство Кнорус, 2021 ж., 586 бет. 4. Алибеков С.Т. Таможенное право в Республике Казахстан. Учебник - Электрон. - Алматы : КазУМО и МЯ, 2014г. 5. Новикова С.А. Таможенное дело и таможенное регулирование в ЕАЭС. Учебник для вузов. – Москва: Издательство Юрайт, 2023 г., 376 стр. Қосымша: 1. Мароз С.П. Инвестициялық құқық: Общая часть: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 г., 248 стр. 2. Таможенное право : учебное пособие / составители О. А. Нартуева, А. Г. Тышкенова. — Улан-Удэ : БГУ, 2021 ж., 136 бет. 3. Таможенное право : учебник для студентов вузов / Н. Д. Эриашвили, И. М. Рассолов, С. Н. Бочаров, В. Б. Мантусов; под ред. Н. Д. Эриашвили. – 6-е изд., перераб. и доп. – Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2018. – 303 с. – (Dura lex, sed lex). – ISBN 978-5-238-02703-6. – То же электрон. версия на сайте URL: https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=42667 Интернет-ресурстар 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. https://adilet.zan.kz/kaz/ 3. https://books.google.ru/advanced_book_search	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87784272744 /e-mail kozhabek@mail.ru https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09 https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. 1. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериялды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.
А	4,0	95-100	Өте жақсы	
А-	3,67	90-94		

B+	3,33	85-89	Жақсы	Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.		
B	3,0	80-84		Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.		
B-	2,67	75-79		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	
C+	2,33	70-74		Дәрістердегі белсенділік	0	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	30	
C-	1,67	60-64		Өзіндік жұмысы	30	
D+	1,33	55-59		Жобалық және шығармашылық қызметі	0	
D	1,0	50-54		Қорытынды бақылау (емтихан)	40	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	ЖИЫНТЫҒЫ	100	
F	0	0-24				
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.						
Апта	Тақырып атауы				Сағат саны	Макс. балл
Модуль 1 Инвестиция құқығының теориясы						
1	Д1. Тақырыбы: Инвестициялық құқық ұғымы				1	
	СС 1. Тақырыбы: Инвестициялық құқық пәнінің түсінігін және мәнін анықтау.				2	0
2	Д 2. Инвестициялық құқықтың функциялары мен Инвестициялық құқықтың принциптері				1	
	СС 2. . Инвестициялық құқықтың жүйесі				2	0
3	Д 3.Тақырыбы: Инвестициялық заңнама					
	СС 3. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы				2	0
	СООЖ 1. СӨЖ 1. орындау бойынша кеңестер					
4	Д4. Тақырыбы: Инвестициялар ұғымы мен түрлері				1	
	СС 4.Тақырыбы: Инвестициялар түсінігі және мәні				2	10
	СӨЖ 1. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері туралы реферат. Презентация жасау және қорғау.					25
5	Д5. Тақырыбы: Мемлекеттік және жеке меншік инвестициялар				1	
	СС 5. Тақырыбы: Шетел және ұлттық инвестициялар				2	10
Модуль 2 Салықтық әкімшілендіру мәселелері						
	Д6. Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастар				1	

6	СС 6. Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастар Салық салу саласындағы басқарушы органдардың өкілеттіліктері талдау.	2	10
	СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру		
7	Д 7.Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері	1	
	СС 7.Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастардың субъектілері	2	10
	СӨЖ 2. "Мемлекеттік құпия саласындағы инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу" тақырыбында презентация дайындау		25
8	Д8. Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері және олардың мазмұны	1	
	СС 8. Тақырыбы: Инвестициялық құқықтық қатынастар объектілері және олардың мазмұны	2	10
Аралық бақылау 1			100
9	Д9. Тақырыбы: Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу	1	
	СС 9. Тақырыбы: Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу	2	7
	СОӨЖ 3. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру		
10	Д10. Тақырыбы: Инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік	1	
	СС 10. Тақырыбы: Инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік	2	7
	СӨЖ 3. Тақырыбы: Ұсынылған нормативтік-құқықтық актілер бойынша қызқаша мазмұндама, өз көзқарасын білдіру.		25
Модуль 3 Қазақстан Республикасындағы салықтардың түрлері			
11	Д11. Тақырыбы: Бағалы қағаздарға инвестициялар құқықтық реттеу және Банк жүйесінде инвестицияларды құқықтық реттеу	1	
	СС 11. Тақырыбы: Бағалы қағаздарға инвестициялар құқықтық реттеу және Банк жүйесінде инвестицияларды құқықтық реттеу	2	7
	СОӨЖ 4. «Шетелдік инвесторлардың құқықтарын қорғау: халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнама (дөңгелек үстел)		
12	Д 12. Тақырыбы: Жер қойнауын пайдалану саласында инвестицияларды құқықтық реттеу	1	
	СС 12. Тақырыбы: Жер қойнауын пайдалану саласында инвестицияларды құқықтық реттеу	2	7
	СОӨЖ 5. 4 СӨЖ орындау бойынша кеңестер		
13	Д 13. Тақырыбы: Шетел инвестицияларды құқтық реттеу	1	
	СС 13. Тақырыбы: Инвестицияларды көпжақты халықаралық құқықтық реттеу	2	7
	СӨЖ 4. Тақырыбы: Курс бойынша 50 терминнен кем емес ұғымды қамтыған глоссарий		25
14	Д14. Тақырыбы: Шетел инвестицияларын халықаралық-құқықтық реттеу	1	
	СС 14. Тақырыбы: Инвестициялық шарт	2	7
15	Д15. Тақырыбы: Инвестициялық шарттар жүйесі	1	
	СС 15. Тақырыбы: Инвестициялық шарттар жүйесі	2	8
	СОӨЖ 6. Емтихан бойынша кеңес		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Факультет деканы:
Кафедра меңгерушісі:
Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитет төрайымы:
Дәріскер:

У.А. Ахатов
Г.А. Куаналиева
А.А. Урисбаева
Қ.М. Қожабек

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ.
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«СӨЖ 1. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері туралы реферат. Презентация жасау және қорғау. (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20–25 %	«Жақсы» 15–20 %	«Қанағаттанарлық» 10–15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0–10 %
Тақырыптың ашылуы және мазмұнының толықтығы	Тақырып жан-жақты ашылған. ҚР инвестицияларды қолдау туралы заңнамасы, халықаралық келісімдер, инвесторлардың құқықтық кепілдіктері нақты мысалдармен қамтылған. Мемлекеттік қолдау тетіктерінің толық сипаттамасы берілген.	Негізгі мазмұн қамтылған, бірақ кейбір құқықтық тетіктер немесе мысалдар толық ашылмаған. Мазмұны түсінікті, бірақ толықтыру қажет.	Тақырып ішінара ашылған. Мемлекеттік қолдау шаралары үстірт сипатталған. Заңнамалық негіздер жеткіліксіз.	Тақырып ашылмаған немесе негізгі құқықтық негіздер мүлдем көрсетілмеген.
Құқықтық негіздерге талдау	ҚР заңнамасы, халықаралық тәжірибе және инвестициялық заңдар жүйелі түрде талданып, артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырмалы түрде көрсетілген.	Негізгі құқықтық актілер талданған, бірақ салыстырмалы талдау жеткіліксіз. Кейбір тұстар үстірт берілген.	Тек жекелеген актілер аталған, талдау әлсіз, құқықтық негіздер толық ашылмаған.	Құқықтық негіздер көрсетілмеген немесе қате берілген.
Теориялық және практикалық мысалдар	Қазақстандағы тікелей инвестицияларды қолдауға қатысты нақты заңнамалық мысалдар мен халықаралық тәжірибеден алынған практикалық деректер толық қамтылған.	Теориялық мысалдар бар, бірақ практикалық дәлелдер жеткіліксіз.	Теориялық тұрғыда ғана көрсетілген, тәжірибелік мысалдар жоқ немесе аз.	Теориялық және практикалық мысалдар мүлдем жоқ.
Презентация сапасы және қорғау	Презентация мазмұнды, көрнекі, құрылымы айқын. Қорғау барысында сұрақтарға нақты, дәлелді жауап береді.	Презентациясы жақсы, бірақ кейбір көрнекілігі немесе құрылымы әлсіз. Қорғау барысында кей сұрақтарға толық жауап бермейді.	Презентациясы қарапайым, мазмұны толық емес. Қорғау барысында сенімсіз, жауаптары толық емес.	Презентациясы жоқ немесе өте әлсіз. Қорғау барысында тақырыпты меңгермеген, жауап бере алмайды.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

СӨЖ 2 "Мемлекеттік құпия саласындағы инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу" тақырыбында презентация дайындау (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20–25 %	«Жақсы» 15–20 %	«Қанағаттанарлық» 10–15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0–10 %
Тақырыптың ашылуы және мәселені түсіну	Мемлекеттік құпия саласындағы инвестициялық қатынастардың құқықтық негіздері жан-жақты ашылған. ҚР заңнамасы, халықаралық тәжірибе және құқықтық шектеулер толық әрі жүйелі сипатталған.	Тақырып жеткілікті дәрежеде ашылған, негізгі құқықтық мәселелер түсіндірілген. Бірақ кейбір тұстар толық ашылмаған, қосымша талдау қажет.	Тақырып ішінара қарастырылған. Негізгі ұғымдар бар, бірақ мазмұн үстірт сипатталған.	Тақырып ашылмаған немесе негізгі мәселелер қате түсіндірілген.
Аргументацияның негізділігі	Құқықтық реттеуге қатысты ұсынылған аргументтер нақты заңнамалық актілерге, халықаралық нормаларға және тәжірибеге сүйенген. Мысалдар мен деректер орынды қолданылған.	Аргументтер негізінен дұрыс, бірақ кейбір дәлелдер әлсіз немесе толық ашылмаған. Қосымша дәйектер қажет.	Аргументтер әлсіз, тек жекелеген құқықтық нормалар келтірілген, бірақ жүйелі емес.	Аргументтер жоқ немесе мүлдем дәлелсіз берілген.
Қарсы пікірлерге жауап беру	Қарсы пікірлерге жауап беру кезінде құқықтық және практикалық дәлелдер толық келтірілген. Дискуссия барысында қарсы көзқарастарға нақты әрі қисынды жауап берілген.	Қарсы пікірлерге жауап берілген, бірақ кейбір жерлерінде дәлел жеткіліксіз немесе толық емес.	Қарсы пікірлерге жауап берілгенімен, аргументация әлсіз немесе қисынсыз.	Қарсы пікірлерге мүлдем жауап жоқ немесе тым әлсіз.
Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер	Барлық пайдаланылған дереккөздер дұрыс және толық көрсетілген. ҚР заңдары, халықаралық құжаттар мен ғылыми әдебиеттерге нақты сілтемелер жасалған.	Әдебиеттер жеткілікті, бірақ кейбір дереккөздерге толық сілтеме жасалмаған немесе ескірген деректер қолданылған.	Әдебиеттер саны аз немесе сілтемелер жүйелі емес, кейбір дереккөздер көрсетілмеген.	Дереккөздер мүлдем жоқ немесе дұрыс көрсетілмеген.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

СӨЖ 3. Ұсынылған нормативтік-құқықтық актілер бойынша қысқаша мазмұндама, өз көзқарасын білдіру (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20–25 %	«Жақсы» 15–20 %	«Қанағаттанарлық» 10–15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0–10 %
Мазмұнның толық ашылуы	Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны жан-жақты талданған, негізгі ережелер толық әрі анық сипатталған. Өз көзқарасы нақты әрі логикалық тұрғыда берілген.	Негізгі мазмұны жеткілікті ашылған, бірақ кейбір тұстар толық емес. Өз көзқарасы бар, алайда дәлелдері әлсіз.	Тақырып ішінара ашылған, негізгі ұғымдар қысқаша ғана берілген. Өз көзқарасы бар, бірақ жүйесіз немесе дәлелсіз.	Мазмұн ашылмаған немесе өз көзқарасы мүлдем жоқ.
Теориялық негіздеме	Құқықтық теорияға сүйене отырып, ұсынылған актілердің мәні мен мақсаты ғылыми тұрғыда дәйекті негізделген.	Теориялық негіз бар, бірақ кейбір жерлерінде толық емес немесе үстірт берілген.	Теориялық түсіндіру әлсіз, жекелеген анықтамалар ғана берілген.	Теориялық негіздеме жоқ немесе мүлдем қате берілген.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар	Ұсыныстар айқын, тәжірибеге енгізуге жарамды, заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты идеялар ұсынылған.	Ұсыныстар бар, бірақ кейбірі жалпы сипатта, практикалық құндылығы төмен.	Ұсыныстар өте қысқа немесе тек формалды түрде берілген.	Ұсыныстар мүлдем жоқ.
Қорғау механизмдерін талдау	Актіні іске асырудағы құқықтық қорғау механизмдері жан-жақты қарастырылған, халықаралық және ұлттық тәжірибемен салыстырылған.	Қорғау механизмдері сипатталған, бірақ толық емес, кейбір тұстар ашылмаған.	Қорғау механизмдері тек аталып өткен, талдау әлсіз.	Қорғау механизмдері мүлдем қарастырылмаған.
Жазу, APA style	Жұмыс толықтай АРА талаптарына сай рәсімделген: титулдық бет, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі. Грамматикалық қателер жоқ.	Негізінен АРА стиліне сай, бірақ кейбір рәсімдеу элементтері сақталмаған. Ұсақ грамматикалық қателер бар.	АРА стилі ішінара ғана сақталған, әдебиеттер мен сілтемелер толық емес.	АРА стилі сақталмаған, сілтемелер мен әдебиеттер көрсетілмеген, қателер өте көп.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

СӨЖ 4. Курс бойынша 50 терминнен кем емес ұғымды қамтыған глоссарий (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20–25 %	«Жақсы» 15–20 %	«Қанағаттанарлық» 10–15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0–10 %
Тақырыптың толық ашылуы	Глоссарийде 50-ден көп термин қамтылған. Әр ұғымның анықтамасы толық, нақты әрі курс мазмұнымен байланысты. Терминдер алфавиттік немесе тақырыптық тәртіппен жүйеленген.	Глоссарийде 40–50 термин қамтылған. Анықтамалар бар, бірақ кейбірі қысқа немесе толық емес. Жүйелілік ішінара сақталған.	Глоссарийде 30–40 термин ғана берілген. Кейбір анықтамалар үстірт немесе қате. Жүйелілік әлсіз.	Терминдер саны жеткіліксіз (30-дан аз). Анықтамалар жоқ немесе дұрыс емес.
Теориялық негіздеме	Әр терминнің түсіндірмесі ғылыми тұрғыдан негізделген, құқықтық теорияға немесе ресми дереккөздерге сүйенген.	Негізінен дұрыс түсіндірілген, бірақ кейбір терминдерге теориялық негіздеме әлсіз.	Теориялық негіздеме аз, тек қысқа анықтамалар берілген, ғылыми түсіндіру жоқ.	Теориялық негіздеме жоқ немесе анықтамалар қате.
БҰҰ-ның рөлін талдау	Глоссарийде БҰҰ құжаттарынан, шешімдерінен алынған терминдер қамтылған. Халықаралық құқықтағы БҰҰ-ның рөлі нақты мысалдармен көрсетілген.	БҰҰ-ның рөлі аталған, бірақ толық ашылмаған. Тек кейбір құжаттарға сілтеме бар.	БҰҰ-ға қатысты ұғымдар өте аз немесе үстірт сипатталған.	БҰҰ-ның рөлі мүлдем көрсетілмеген.
Қорытынды және ұсыныстар	Жұмыс соңында глоссарийдің маңыздылығы туралы тұжырым жасалған. Терминдерді пайдалану тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныстар бар.	Қорытынды бар, бірақ ұсыныстар әлсіз немесе толық емес.	Қорытынды өте қысқа, ұсыныстар жоқ немесе жүйесіз.	Қорытынды мен ұсыныстар жоқ.